

Екібастұз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 166/22 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қазанда № 29976 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Екібастұз қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Екібастұз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қалалық мәслихатының хатшысы

Б. Куспеков

Екібастұз қалалық
мәслихатының 2022 жылғы
29 қыркүйектегі № 166/22
шешіміне қосымша

Екібастұз қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілерінің түрлері | Есептік бірлік | Орташа жылдық норма, м3 |
|---|--|----------------|-------------------------|
| 1 | Жайлы үйлер | 1 тұрғын | 1,95 |
| 2 | Жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 2,00 |
| 3 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын | 1,83 |
| 4 | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 2,93 |
| 5 | Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер | 1 орын | 0,25 |
| 6 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 1,80 |
| 7 | Емханалар, медициналық орталықтар | 1 келіп кету | 0,06 |

| | | | |
|----|---|---------------------|------|
| 8 | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын | 0,72 |
| 9 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы | 0,30 |
| 10 | Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 0,97 |
| 11 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар | 1 отыратын орын | 0,38 |
| 12 | Мұражайлар, көрмелер | Жалпы алаңның 1 м2 | 0,04 |
| 13 | Стадиондар, спорт алаңдары | Жоба бойынша 1 орын | 0,01 |
| 14 | Спорт, би және ойын залдары | Жалпы алаңның 1 м2 | 0,36 |
| 15 | Азық-түлік, өнер кәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | сауда алаңының 1 м2 | 0,70 |
| 16 | Машиналардан сату | сауда орнының 1 м2 | 4,50 |
| 17 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | Сауда алаңы 1 м2 | 0,78 |
| 18 | Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,33 |
| 19 | Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,30 |
| 20 | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,44 |
| 21 | Жағажайлар, жолдардан көше сметалары | Жалпы алаңның 1 м2 | 0,03 |
| 22 | Дәріханалар | Сауда алаңы 1 м2 | 1,56 |
| 23 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобильге жанармай құю станциясы | 1 машина-орын | 1,57 |
| 24 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмыскер | 3,89 |
| 25 | Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер | 1 гаражға | 2,88 |
| | | | |

| | | | |
|----|--|--------------------|------|
| 26 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны | 0,84 |
| 27 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | жалпы алаңның 1 м2 | 1,37 |
| 28 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | жалпы алаңның 1 м2 | 0,30 |
| 29 | Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар) | 1 жұмыс орны | 5,50 |
| 30 | Моншалар, сауналар | жалпы алаңның 1 м2 | 0,44 |
| 31 | Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары | 1000 қатысушы | 0,76 |
| 32 | Бау-бақша кооперативтері | 1 учаске | 2,70 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК